

**Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2006 жылғы 3 наурыздағы "Шыңғырлау ауданындағы елді мекендерінде ит пен мысықты қолда ұстау Ережесін бекіту туралы" N 19-2 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 тамыздағы N 21-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қыркүйекте N 7-13-108 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 мамырдағы N 3-1 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2012.05.21 N 3-1 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7-баптарына сәйкес Шыңғырлау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Шыңғырлау ауданының елді мекендерінде ит пен мысықты қолда ұстау Ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 3 наурыздағы N 19-2 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-13-21 тіркелген, 2006 жылғы 20 мамырда "Серпін" газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Шешімінің кіріспесінде "жергілікті мемлекеттік басқару" сөздерінен кейін " және өзін-өзі басқару" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*А.Б.Тасмағамбетов  
М.Ж.Малтиев*